Дағды 4: Web-ресурстың ақпараттық мазмұнын визуализациялаудың графикалық бөлігін орындау	Машықтар: 1. Белгілеу тілдерін меңгеру 2. Қолданбалы беттеу пакеттерімен жұмыс істеу. 3. Растрлық және векторлық кескіндерді өңдеу. 4. Графикалық пакеттермен жұмыс істеу. 5. Үш өлшемді графикалық пакеттерде модельдеу. 6. Графикалық пакеттерде анимациялар жасау. 7. Мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу. 8. Аспаптық өңдеуді қолдау орталарын пайдалану. 9. Сурет салу техникасын меңгеру. Білімдер: 1. Мәтіндік деректер форматтарына арналған стандарттар. 2. Арнайы графикалық пакеттер. 3. Көрнекі бейнелеу принциптері. 4. Растрлық және векторлық кескіндерді өңдеу әдістері. 5. Ақпараттық мазмұнды жобалауға және өңдеуге арналған арнайы бағдарламалық қамтылым. 6. Веб-ресурстарды құру принциптері. 7. Ақпараттық мазмұнды жобалау мен өңдеудің технологиялық стандарттары. 8. Пайдаланушы интерфейстеріне арналған стандарттар мен ұсыныстар.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Машықтар:

Еңбек функциясы 2: Графикалық интерфейсті жобалау, дизайн және эвристикалық бағалау	Дағды 1: Пайдаланушының графикалық интерфейсінің визуалды стилін құру	1. Растрлық кескіндерді дайындау бағдарламаларында графикалық құжаттарды жасау. 2. Векторлық кескіндерді дайындау бағдарламаларында графикалық құжаттарды жасау. 3. Пайдаланушының графикалық интерфейстерін эскиздеу. 4. Пайдаланушының графикалық интерфейстерінің дизайнын жасау. 5. Дизайнды тапсырыс берушімен келісу. 6. Ашық көздерден тиісті кәсіби ақпаратты алу және оны талдау. 7. Мәтінді беттеу. 8. Пайдаланушының графикалық интерфейс стилі бойынша нұсқаулықты әзірлеу және жобалау. 9. Беттеу бағдарламаларымен жұмыс істеу. 10. Белгілеу тілдерін және стильдер сипаттамасын қолдану.
		Білімдер: 1. Графикалық дизайн тенденциялары. 2. Интерфейс графикасына қойылатын техникалық талаптар. 3. Адам - жүйе өзара іс-қимылының эргономикасына қойылатын талаптарды реттейтін стандарттары. 4. Маркетинг негіздері. 5. Психология негіздері. 6. Түс теориясы. 7. Мәтінді типографиялық теру қағидалары. 8. Мақсатты платформалар мен операциялық жүйелерге арналған басқару элементтерінің номенклатурасы. 9. Құжат айналымының негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Графикалық интерфейс деректерін визуализациялау	Машықтар: 1. Графикалық интерфейсті беттеуді орындау. 2. Кестелік деректерді түзету бағдарламаларымен жұмыс істеу. 3. Статистикалық деректерді талдау бағдарламаларымен жұмыс істеу. 4. Әр түрлі экран ажыратымдылықтары үшін интерфейс графикасын оңтайландыру. Білімдер: 1. Статистикалық ақпаратты ұсыну әдістері. 2. Деректерді алгоритмдік визуализациялау технологиялары. 3. Индикация жүйелерін құру бөлігіндегі эргономика негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды

	Дағды 3: Графикалық интерфейсті тұжырымдама бойынша немесе интерфейстің жобаланып қойған бөлігінің үлгісі бойынша құру Дағдыны тану мүмкіндігі :	Машықтар: 1. Пайдаланушының графикалық интерфейсін интерактивті прототиптерін жасау. 2. Пайдаланушының графикалық интерфейсін жобалық құжаттаманы әзірлеу және рәсімдеу. 3. Пайдаланушының графикалық интерфейсін эскиздеу. 4. Пайдаланушының графикалық интерфейсін прототиптеу бағдарламаларымен жұмыс істеу. Білімдер: 1. Адам - жүйе өзара іс-қимылы эргономикасына қойылатын талаптарды реттейтін стандарттар. 2. Тиісті платформалар мен операциялық жүйелерді жобалау бойынша талаптар мен нұсқаулығы. 3. Белгілеу тілдерін қолдана отырып, беттеу негіздері. 4. Стилдер сипаттамасы тілдерін қолдана отырып беттеу негіздері. 5. Сценарий тілдерін қолдана отырып бағдарламалау негіздері 6. Интерфейс мәтіндерін жазу қағидалары. Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік; Бастамашылық; Зейінділік; Жауапкершілік; Орындаушылық; Нәтижеге бағдарлану; Жоғары оқу қабылеті; Іскерлік қарым-қатынас дағдылары; Командада жұмыс істеу.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Графикалық интерфейс архитектурасын әзірлеу жөніндегі маман
	6	Графикалық интерфейс архитектурасын әзірлеу жөніндегі маман
	6	Графикалық интерфейсті беттеу жөніндегі маман
14. Кәсіптің карточкасы "Графикалық интерфейсін беттеу жөніндегі маман":		
Топтың коды:	2512-2	
Қызмет атауының коды:	2512-2-005	
Кәсіптің атауы:	Графикалық интерфейсін беттеу жөніндегі маман	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6	

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өнер	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Графикалық және мультимедиялық дизайн	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Графикалық және мультимедиялық дизайн	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Графикалық және мультимедиялық дизайн	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Бейін бойынша кемінде 1 жыл		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	курстық дайындық		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Графикалық интерфейсті жобалау және дамыту		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Пайдаланушының графикалық интерфейсін жобалау, дизайн және эвристикалық бағалау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Ақпаратты өңдеу (мәтіндік, графикалық, бейне, аудио). 2. Нейрондық желілерді қолдану және деректерді оқыту. 3. Интерфейсті сараптамалық бағалауды жүргізу. 4. Интерфейстің күтілетін жылдамдығын есептеу. 5. Бағдарламалық қамтылым интерфейсін пайдалану сценарийлерін бағалау. 6. Пайдаланушы тәжірибесін талдау құралдарын қолдану. 7. Пайдаланушылардың интерфейспен өзара іс-қимылын жинау және талдау жүйелерін қолдану.	

Еңбек функциясы 1: Пайдаланушының графикалық интерфейсін жобалау, дизайн және эвристикалық бағалау	Дағды 1: Графикалық интерфейстер құрылымын жобалау бойынша жобалау құжаттамасын әзірлеу	8. Пайдаланушы тәжірибесі туралы деректерді ашық көздерден алу. 9. Есепті құжаттаманы әзірлеу.
		Білімдер: 1. Интерфейстің эргономикалық қасиеттерін бағалау жүйелері. 2. Адам – жүйе өзара іс-қимылының эргономикасына қойылатын талаптарды реттейтін стандарттар. 3. Бағдарламалық қамтылымды әзірлеу әдістері. 4. Өнімге қойылатын пайдаланушы талаптарын сипаттау әдістері. 5. Интерфейсті сараптамалық бағалау әдістері. 6. Интерфейстердің қолжетімділігін қамтамасыз ету тәсілдері. 7. Мүмкіндігі шектеулі пайдаланушылар үшін интерфейстердің қолжетімділігін қамтамасыз ету ерекшеліктері. 8. Статистикалық деректерді талдау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Пайдаланушының графикалық интерфейстері бөлігінде бағдарламалық құралдарды пайдалану кезінде пайдаланушының қажеттіліктерін анықтау	Машықтар: 1. Пайдаланушының интерфейстермен өзара іс-қимылы туралы тиісті кәсіби ақпаратты ашық көздерден алу және оны талдау. 2. Пайдаланушылармен сұхбат жүргізу. 3. Пайдаланушының графикалық интерфейстермен өзара іс-қимылы туралы алынған ақпаратты талдау. 4. Маркетингтік кейіпкерлерді (мақсатты аудиторияны көрсететін кейіпкерлер) және пайдаланушылардың өніммен өзара іс-қимылының егжей-тегжейлі жолдарын жасау. Білімдер: 1. Ақпарат жинау әдістері. 2. Қызметті талдау әдістері. 3. Маркетингтік кейіпкерлер мен тұтынушылардың жолдарын құрастыру техникасы. 4. Бағдарламалық өнімдер мен аппараттық құралдарды пайдалану кезіндегі адамдардың мінез-құлық үлгісі. 5. Адам – жүйе өзара іс-қимылының эргономикасына қойылатын талаптарды реттейтін стандарттар. 6. Маркетинг негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Пайдаланушы тәжірибесін басқару тетіктерін әзірлеу.

	Дағды 3: Бағдарламалық өнімнің графикалық интерфейсімен пайдаланушының өзара әрекеттесу стильдерін жобалау	2. Интерфейсті жобалауда психикалық модельдерді қолдану. 3. Біркелкі интерфейс шешімдерін жасау.
		Білімдер: 1. Пайдаланушы тәжірибесіне әсер ететін факторлар . 2. Бағдарламалық қамтылымды, өнімдер мен аппараттық құралдарды пайдалану кезінде адамдардың мінез-құлық үлгілері. 3. Графикалық интерфейстерді жобалаудың жалпы тәжірибелері. 4. Адам - жүйе өзара әрекеттесуінің эргономикасына қойылатын талаптарды реттейтін стандарттар. 5. Әр түрлі өндірушілердің бағдарламалық өнімдерінің интерфейсін реттейтін стандарттар. 6. Психология негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 4: Интерфейс прототипін әзірлеу және тестілеу	Машықтар: 1. Интерфейстерді прототиптеудің аспаптық орталарында жұмыс істеу. 2. Графикалық және/немесе пайдаланушы интерфейсін тестілеу нысандары мен әдістерін айқындау. 3. Прототиптік интерфейстерді тестілеу процесін ұйымдастыру. 4. Интерфейсті тестілеу нәтижелерін құжаттау. Білімдер: 1. Пайдаланушы тәжірибесін тестілеу объектілері. 2. Пайдаланушы тәжірибесін тестілеудің түрлері мен типтері. 3. Бағдарламалық өнімдерді пайдалану кезіндегі адамдардың мінез-құлық үлгісі. 4. Интерфейсті жобалаудың жалпы тәжірибелері. 5. Адам - жүйе өзара әрекеттесуінің эргономикасына қойылатын талаптарды реттейтін стандарттар. 6. Әр түрлі өндірушілердің бағдарламалық өнімдерінің интерфейсін реттейтін стандарттары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік; Бастамашылық; Жауапкершілік; Ұйымшылдық.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5-6	Графикалық жұмыс дизайнері

СБШ шеңберінде басқа	5	Мультимедиялық дизайнер
кәсіптермен байланыс:	5	Графикалық интерфейсті беттеу жөніндегі маманы

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

16. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
Жасанды интеллект және деректерді басқару комитеті

Жоба жетекшісі:

Байгазина А.

E-mail: a.baigazina@mdai.gov.kz

Телефон нөмірі: +7 (717) 264 94 55

Орындаушы:

Байгазина А., +7 (717) 264 94 55, a.baigazina@mdai.gov.kz.

17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 692/НҚ, 07.11.2024 ж.

18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 02.06.2025 ж.

19. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

20. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2025 ж.

21. Болжамды қайта қарау күні: 01.01.2028 ж.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық
даму министрінің бұйрығына
4-қосымша

Кәсіптік стандарт "Бағдарламалық жасақтаманы тестілеу"

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Бағдарламалық жасақтаманы тестілеу" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдардағы және кәсіпорындардағы персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) ақпараттық жүйенің архитектурасы – ақпараттық жүйе компоненттерінің моделін, құрылымын, орындалатын функцияларын және өзара байланысын айқындайтын тұжырымдама.

2) АЖ сүйемелдеу – қосымша функционалдық талаптарды жаңғыртуды және іске асыруды жүргізбей және оның тұтастығы сақталған жағдайда, бағдарламалық қамтамасыз етуді түзетуді, модификациялауды және ақауларды жоюды жүргізу жөніндегі іс-шараларды қамтитын, өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген АЖ-ны оның мақсатына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету.

3) пайдаланушының графикалық интерфейсі (Graphical User Interface - GUI) – пайдаланушы интерфейсінің элементтерін графикалық объектілер түрінде пайдалануға мүмкіндік беретін белгілі бір бағдарлама.

4) пайдаланушыға бағытталған дизайн (User Centered Design) – жүйеге қойылатын эргономикалық, эстетикалық, көркемдік талаптардың үйлесімін көздейді.

5) пайдаланушы интерфейсі (ПИ) – жүйеде жұмыс істеу кезінде (мәзірлер, түймелер, диалогтық терезелер) түс гаммасы, өлшемі, стилі және басқа да графикалық мүмкіндіктері ескерілетін объектілер түрінде пайдаланушы пайдаланатын жүйе интерфейсінің элементтері.

6) прототиптеу – пайдаланушы мен интерфейс арасындағы бағдарламалық қамтылымның соңғы өзара іс-қимылын модельдеу.

7) жылдам прототиптеу (ЖП) – тапсырыс берушіге таныстыру немесе іске асыру мүмкіндігін тексеру үшін жылдам "макеттеу", тәжірибелі үлгілерді немесе жұмыс істеп тұрған жүйе моделін жылдам жасау технологиясы.

8) "Аддитивті" технологиялар (АТ, Fabber-Technology) – материалды негізге қосу арқылы бұйымдар мен прототиптерді өндірудің технологиялық әдістерінің тобы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) QA – Quality Assurance (сапа кепілдігі);

2) ASE (computer-aided software engineering) – бағдарламалық қамтылымды жобалауға арналған бағдарламалық қамтылым құралдары мен әдістерінің жиынтығы;

3) АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

4) БҚ – бағдарламалық қамтылым;

5) SADT (Structured Analysis And Design Technique) – құрылымдық талдау және жобалау әдісі;

6) DFD (Data Flow Diagrams) – деректер ағынының диаграммалары;

7) ERD (Entity-Relationship Diagrams) – субъектінің қатынас диаграммалары;

8) RUP (Rational Unified Process) – Rational Software компаниясы жасаған бағдарламалық қамтылым әзірлеу әдістемесі;

9) UML – бірыңғай модельдеу тілі;

10) PDCA – Plan-Do-Check-Act" — жоспарлау-әрекет-тексеру-түзету-сапаны басқаруда қолданылатын қайталанатын шешім әдісі;

11) CAPA – Computer Aided Problem Analysis - мәселені компьютерлік талдау.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Бағдарламалық қамтылымды тестілеу.
5. Кәсіптік стандарттың коды: J057.
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
J Ақпарат және байланыс.

62 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер.

62.0 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер.

62.01 Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет.

62.01.1 Бағдарламалық қамтылымды әзірлеу.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Бағдарламалық жасақтаманы тестілеу" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді және дизайнды, бағдарламалық қамтылымды дайындау мен әзірлеу, бағдарлама жасау, бағдарлама кодын жазу, ақпараттық технологиялар саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми еңбектер жариялау үшін маман құзыреті қамтылған.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Қосымшаларды тестілеу маманы - 4 СБШ-нің деңгейі.
- 2) QA – Инженер - 6 СБШ-нің деңгейі.
- 3) QA – Инженер - 7 СБШ-нің деңгейі.
- 4) Қосымшаларды тестілеу маманы - 5 СБШ-нің деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман":			
Топтың коды:	2512-2		
Қызмет атауының коды:	2512-2-007		
Кәсіптің атауы:	Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:

	ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша)	-
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Бейінді техникалық және кәсіптік білімі бар болса, тәжірибесіз, бейінді білім болмаса, БҚ әзірлеу саласында жұмыс тәжірибесі кемінде 1 жыл.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Сертификаттармен және/немесе портфолиомен расталған формалды емес және / немесе информалды білім.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тестілеу кезінде анықталған қателерді тестілеу мен тексеру.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тест рәсімдерін орындау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	Дағды 1: Тест сценарийлерін дайындау және тест орталарын теңшеу	Машықтар: 1. Ұсынылған жұмыс тапсырмасының алгоритмін зерделеу мен түсіну, тестен өтетін қосымшамен танысу. 2. Жұмыс тапсырмасының алгоритмін іс-қимыл жетіспеушілігіне немес артық болуына талдау. 3. Жұмыс тапсырмасына сәйкес тест деректерін дайындау. 4. Тест платформаларын дайындау (операциялық жүйені, қосымша бағдарламалық қамтылымды және қажеттілік бойынша басқасын орнату).	
		Білімдер: 1. БҚ сынақтан өткізу мен тестілеу мәселелері бойынша нормативтік, әдістемелік материалдар. 2. Негізгі операциялық жүйелер мен қосымшаларда жұмыс істеу негіздері. 3. Алгоритмдер мен автоматтар теориясының негіздері. 4. Дискреттік математика негіздері. 5. Бағдарламалау қағидаттарын. 6. Тестілеу терминологиясы. 7. Бағдарламалау тілдері. 8. Тестілеудің базалық техникалары, тестілеудің негізгі режимдері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.	
		Машықтар: 1. Тестілеу деректерде тестілеу рәсімдерін орындау. 2. Тестілеуден алынған нәтижелерге талдау жүргізу.	

Еңбек функциясы 1: Тест рәсімдерін орындау	Дағды 2: Тестілеу процесін орындау	3. Тестілеуді бастау үшін бастапқы түзу жай-күйдің болуына барлық құрал-сайман компоненттері мен тестілеуден өтетін қосымшаларды тексеру. 4. Ауытқусыз алгоритмді орындау қабілеттілігі. 5. Жұмыс тапсырмасын орындау бойынша есеп жасау. 6. Дайын тестілерді іске қосу деңгейінде автоматтандырылған тестілеу үшін (қажет болғанда) арнайы бағдарламалық қамтылымды пайдалану. Білімдер: 1. БҚ сынақтан өткізу мен тестілеу мәселелері бойынша нормативтік, әдістемелік материалдар. 2. Тестілеу үлгілері. 3. Қосымшаларды тестілеудің өмірлік циклы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.
	Дағды 3: Тестілеу нәтижелерін талдау және өңдеу	Машықтар: 1. Қосымшаларды тестілеу алгоритмдерін ауытқусыз орындау. 2. Нақты және күтілетін нәтижелерді салыстыру. 3. Ақауды нақтылау және сипаттау. 4. Тестілеу қателерінің өнімділігі. Білімдер: 1. Ақауларды бақылау жүйесі. 2. Ақаулардың өмірлік циклі. 3. Сынақтан өткізу және тестілеу мәселелері бойынша нормативтік, әдістемелік материалдар. 4. Негізгі БҚ және қосымшаларда жұмыс істеу негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.
	Дағды 4:	Машықтар: 1. Қателерді қадағалау жүйесінде қателерді белгілеу. 2. Мәтіндерді басқару жүйесіне нәтижелерді енгізу. 3. Ақаулар пайда болған жағдайлардың сипаттамасын қоса алғанда, ақаулықтарды бақылау жүйесіне (деректер базасына) ақаулар туралы ақпарат енгізу. 4. Ақауларды бақылау жүйесіне қосымшаны жақсарту туралы ақпаратты енгізу. 5. Міндеттерді жоспарлау жүйесіне орындалған жұмыс тапсырмасы туралы есепті қосу. 6. Қосымшаларды тестілеу нәтижелері бойынша есептік құжаттаманы қалыптастыру. Білімдер: 1. Тестілеу құралдары мен оның функционалдық мүмкіндіктері. 2. Бағдарламалау тілдері.

	қосымшаларды тестілеу қателерін тіркеу	3. Қате түрлері. 4. Есептік құжаттаманы ресімдеу қағидалары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бейімділік; Тәртіптілік; Бастамашылық; Жауапкершілік.		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман	
	6-7	QA-инженер	
10. Кәсіптің карточкасы "QA – Инженер":			
Топтың коды:	2512-2		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	QA – Инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура).	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат).	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша).	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман).	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша).	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	БҚ әзірлеу саласында кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Сертификаттармен және/немесе портфолиомен расталған бейіндік формалды емес және / немесе информалды білім.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2512-1-002 – Инженер-бағдарламашы.		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бағдарламалық өнімнің сапасын анықтауға тексеру жүргізу.		

Еңбек функцияларының сипаттамасы.		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұйымның ішкі және сыртқы стандарттары мен мәдениетіне сәйкес сапаны басқару жүйесін қолдану. 2. Сапа стандарттарына сәйкес сыртқы сертификаттауды қолдау және сапа саласында нәтижелерді болжау үшін статистиканы қадағалау.
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Ұйымның ішкі және сыртқы стандарттары мен мәдениетіне сәйкес сапаны басқару жүйесін қолдану	Дағды 1: Өнімді әзірлеудің әр кезеңінде сапа өлшемшарттарын сақтау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және басқару	Машықтар: 1. Сапаны тексеру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу. 2. Өнімнің сапасын анықтау үшін қолданыстағы әдістемелерді қолдану. 3. Сапа стандарттарынан, өнімнің немесе процестің ерекшеліктен ауытқуларды, сапа өлшемшарттарын қалыптастыруды әзірлеудің әр кезеңінде бағдарламалық өнімнің күтілетін нәтижесін анықтау. 4. Сапа стандарттарының сәйкестігіне сапаны бақылау бойынша өлшеу нәтижелерінің аудитін ұйымдастыру. Білімдер: 1. PDCA, CAPA, non-conformity management және т. б. әдістемелері. 2. Өнімнің орындалу сапасына тексеру жүргізу үшін қолданылатын құралдар мен орталар. 3. Халықаралық және республикалық сапа стандарттары. 4. Бағдарламалық қамтылым сапасының модельдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.
	Дағды 2: Жобаның сапасын бақылау және қадағалау	Машықтар: 1. Өнімнің сапасына сәйкессіздіктер анықталған бойынша БҚ-ға түзету енгізу. 2. Бағдарламалық қамтылымды орналастыру процесін оңтайландыру. 3. БҚ анықталған сәйкессіздіктер бойынша жазба, құжаттама жүргізу. 4. Сапа стандарттарына сәйкессіздікті анықтау бойынша БҚ тестілеу жөніндегі маманмен бірлескен жұмыс жүргізу. 5. Бағдарламалық өнім аудитін жүргізу кезінде құпиялылықты сақтау. 6. Ақпараттық қауіпсіздікке және авторлық құқыққа қойылатын талаптарды сақтау. Білімдер: 1. Өнімнің сапасын басқару бойынша ұйымының заманауи бағдарламалық қосымшаларын білу. 2. Бағдарламалық тестілеу.

		3. Бағдарламалық қамтылым әзірлеу процестерін оңтайландыру әдістері. 4. Ақпараттық қауіпсіздік қағидалары және авторлық құқық туралы заңдар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
Еңбек функциясы 2: Сапа стандарттарына сәйкес сыртқы сертификаттауды қолдау және сапасының нәтижелерін болжау үшін статистиканы қадағалау	Дағды 1: БҚ сапа және сенімділік көрсеткіштеріне сәйкестігін айқындау	Машықтар: 1. БҚ функционалдық жарамдылығын тексеру және анықтау. 2. Өнімділік пен үйлесімділік деңгейін тексеру және анықтау. 3. Пайдаланудың ыңғайлылығын (юзабилити), деректердің қорғалу дәрежесін және сенімділігін, бағдарламалық қамтылымның сапалылығын (ұтқырлығын) айқындау. 4. Жұмыс істеу циклінің барлық кезеңдерінде жобаны әзірлеушінің техникалық сүйемелдеу сапасын айқындау. Білімдер: 1. Юзабилити әзірлеудің принциптері. 2. Ақпаратты қорғау және кодтау әдістері. 3. Өнімнің сапасын басқарудың заманауи бағдарламалық қосымшалары. 4. Тестілеу бағдарламалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
	Дағды 2: Өнімнің сапасын қамтамасыз ету процесін құжаттауды басқару	Машықтар: 1. Сапа стандарттарын (СМЖ) сақтау және аудит жүргізу бойынша тренингтер өткізу. 2. Өнімнің сапасы бойынша жүргізілген аудитті бағалаудың сандық деңгейіне талдау жүргізу. 3. СМЖ бойынша мамандарға кеңес беру. Білімдер: 1. Бағдарламалық қамтылымның сапасын қамтамасыз ету әдістемесі, құралдары және процестері. 2. Презентацияны ұсыну әдістері. 3. Іскерлік қарым-қатынастың принциптері мен әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік; Ойлау икемділігі; Тәртіптілік; Ұқыптылық; Шығармашылық және креативтілік; Логикалық ойлау.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		

СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:		Кәсіптің атауы:	
	7		QA – Инженер	
	4-5		Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман	
11. Кәсіптің карточкасы "QA – Инженер":				
Топтың коды:		2512-2		
Қызмет атауының коды:		-		
Кәсіптің атауы:		QA – Инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:		7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:				
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:				
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура).	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.	Біліктілік: -	
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура).	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.	Біліктілік: -	
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат).	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша).	Біліктілік: -	
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман).	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша).	Біліктілік: -	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:		БҚ әзірлеу саласында кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:		Сертификаттармен және/немесе портфолиомен расталған формалды және / немесе информалды білім.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		2512-1-002 - Инженер-программист.		
Қызметтің негізгі мақсаты:		Бағдарламалық өнімнің сапасын анықтауға тексеру жүргізу.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы				
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұйым деңгейінде сапаны қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеу және енгізу. 2. Сапа стандарттарына сәйкес сыртқы сертификаттауды сақтау және сапа нәтижелерін болжау үшін статистиканы қадағалау.		
	Қосымша еңбек функциялары:			

Еңбек функциясы 1:
Ұйым деңгейінде сапаны қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеу және енгізу

Дағды 1: Сапаны қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеу	Машықтар: 1. Ұйымдағы сапаны қамтамасыз етудің ағымдағы процестерін талдау және қиындықтарды анықтау. 2. Бизнес мақсаттары мен технологиялық трендтерді ескере отырып, сапаны қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу. 3. Процестер мен өнімдердің сапасын бағалау үшін негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) айқындау. 4. Өнімнің жұмыс істеу циклінің барлық кезеңдерінде сапаны жақсартуға бағытталған саясаттар мен процедураларды әзірлеу және енгізу. Білімдер: 1. Сапаны басқару әдістемелері. 2. Agile және DevOps орталарында сапаны басқарудың заманауи тәсілдері. 3. Халықаралық сапа стандарттары. 4. Бизнесі талдау және жобаларды басқару негіздері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.
Дағды 2: Сапаны қамтамасыз ету процестеріндегі өзгерістерді басқару	Машықтар: 1. Ағымдағы процестерге аудит жүргізу және жақсарту бағыттарын анықтау. 2. Тестілеу және сапаны қамтамасыз ету процестеріне өзгерістер әзірлеу және енгізу. 3. Командаларды жаңа стандарттар мен процедураларды сақтауға үйрету және ынталандыру. 4. Енгізілген өзгерістердің тиімділігін бағалау және қажет болған жағдайда стратегияны түзету. Білімдер: 1. Өзгерістерді басқару әдістемелері. 2. Ұйымдық даму және персоналды басқару принциптері. 3. Процестердің тиімділігін бағалау және оларды оңтайландыру әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды.
Дағды 3: Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару	Машықтар: 1. Өнімнің немесе процестің сапасына байланысты ықтимал тәуекелдерді сәйкестендіру. 2. Тәуекелдерді азайту жоспарларын әзірлеу және енгізу. 3. Тәуекелдерді үнемі бақылау және бағалау. 4. Тәуекелдердің алдын алу немесе жою үшін команданың әрекеттерін үйлестіру. Білімдер: 1. Тәуекелдерді басқару әдістемелері (мысалы, Risk Management Framework). 2. Деректерді талдау және болжау негіздері.

		3. Белгісіздік жағдайында жобаларды басқару принциптері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
Еңбек функциясы 2: Сапа стандарттарына сәйкес сыртқы сертификаттауды сақтау және сапа саласындағы нәтижелерді болжау үшін статистиканы қадағалау	Дағды 1: БҚ сапа және сенімділік көрсеткіштеріне сәйкестігін айқындау	Машықтар: 1. Сапа менеджменті жүйесін әзірлеу процесінің өнім сапасына қойылатын талаптарға сәйкестігін әзірлеу және енгізу. 2. Өнімнің сапасын анықтау бойынша іс-шараларды өткізудің жаңа әдістерін әзірлеу. 3. Өнімнің сапасын анықтау үшін орындалған процестерді бағалау өлшемшарттарын құру. 4. Ақпараттық қауіпсіздікке және авторлық құқыққа қойылатын талаптарды сақтау. Білімдер: 1. Жұмыс істеу циклдары және бағдарламалық қамтылымды әзірлеу процесінің модельдері. 2. БҚ ерекшелітері. 3. БҚ әзірлеу әдістері мен принциптері. 4. БҚ әзірлеу процестерін оңтайландыру әдістері. 5. Ақпараттық қауіпсіздік қағидалары. 6. Авторлық құқық туралы заңдар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
	Дағды 2: Өнімнің сапасын қамтамасыз ету процесін құжаттауды басқару	Машықтар: 1. Өнімнің сапасының осы әзірлеу кезеңінің талаптарына сәйкестігін тексеру бойынша аяқталған процестерді құжаттау. 2. Жүргізілген талдау бойынша сапалы бағ-репорттар жасау. 3. Әрбір процесті жобаның анықталған сәйкессіздіктері туралы есеппен сүйемелдеу. Білімдер: 1. Тестілеу түрлерінің жіктемесі. 2. БҚ тестілеу бойынша халықаралық сапа стандарттары. 3. БҚ әзірлеу әдістемесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
	Жауапкершілік; Ойлау икемділігі; Тәртіптілік; Ұқыптылық; Шығармашылық және креативтілік; Логикалық ойлау.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	6	QA – Инженер.	
	4-5	Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман	
12. Кәсіптің карточкасы "Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман":			
Топтың коды:	2512-2		
Қызмет атауының коды:	2512-2-007		
Кәсіптің атауы:	Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) .	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша).	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман).	Мамандық: Бағдарламалық қамтылым (түрлері бойынша).	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	қосымшаларды тестілеу саласында жұмыс тәжірибесі кемінде 6 ай, не БҚ әзірлеу саласында жұмыс тәжірибесі кемінде 1 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Сертификаттармен және/немесе портфолиомен расталған бейіндік формалды және / немесе информалды білім.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тест сценарийлерін жасау, тестілеу рәсімдерін орындау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тест сценарийлерін құру және қосымшаларды автоматтандырылған тестілеу үшін тестілерді әзірлеу.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	Дағды 1: Тестілеу сценарийлерін жасау	Машықтар: 1. Күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, тестілеу қадамдарын нақты және анық сипаттау. 2. Жеке қосымшалар модульдеріне тест сценарийлерін жасау. 3. Тест сценарийлерін орындау үшін қажетті кіріс және шығыс сипаттамаларын анықтау.	
		Білімдер: 1. Бағдарламалық қамтылымды әзірлеудің жұмыс істеу циклі. 2. Қосымшаларды тестілеу әдістері.	

	3. Қосымшаларды тиімді тестілеуді қамтамасыз ететін кіріс және шығыс деректер мәндерін таңдау әдістері. 4. Қосымшаларды тестілеу процесін сұрыптау әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
Дағды 2: Тесттерді әзірлеу	Машықтар: 1. Автоматтандырылған тесттерді жаңартып отыру. 2. Автоматтандырылған тест нәтижелерін іске қосу және талдау. 3. Қосымша тестілеуді автоматтандыру үшін бағдарламалар жасау. 4. Қосымшаларды тестілеу нәтижелерін талдау. 5. Қосымшаларды тестілеу нәтижелері бойынша есептік құжаттаманы қалыптастыру. Білімдер: 1. Тестілеу түрлері мен типтерінің жіктелімі. 2. Жобалау техникі және тест комбинаторикасы. 3. Қосымшаларды автоматтандырылған тестілеу жүйелері. 4. Бағдарламалау тілдері. 5. Қосымшаларды тестілеу процестері.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
Дағды 3: Тест процедурасына	Машықтар: 1. Тестілеу өткізілетін қосымшаны зерделеу және танысу. 2. Әрекеттердің жеткіліксіздігі немесе артықтығына жұмыс тапсырмасының алгоритмін талдау. 3. Тест деректерін жұмыс тапсырмасына сәйкес дайындау. 4. Тест платформаларын дайындау (қажет болған жағдайда операциялық жүйені, қосымша бағдарламалық қамтылымды және басқаларын орнату). 5. Тест деректерін дайындау құралдарымен жұмыс істеу. Білімдер: 1. Қосымшаларды сынақтан өткізу және тестілеу мәселелері бойынша нормативтік, әдістемелік материалдар. 2. Негізгі операциялық жүйелер мен қосымшалардағы жұмыс негіздері. 3. Алгоритмдер мен автоматтар теориясының негіздері. 4. Дискретті математика негіздері. 5. Бағдарламалау принциптері. 6. Тестілеу терминологиясы.

Еңбек функциясы 1: Тест сценарийлерін құру және қосымшаларды автоматтандырылған тестілеуге арналған тесттерді әзірлеу	дайындық	7. Тестілеу техникасы, тестілеудің негізгі режимдері .
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
	Дағды 4: Тестілеу процесін орындау	Машықтар: 1. Тест деректерін тексеру рәсімдерін орындау. 2. Қосымшаларды тестілеуде алынған нәтижелерге талдау жүргізу. 3. Тестілеуді бастау үшін дұрыс бастапқы күйіне түзетуге құрал-саймандар мен тестілеу жүргізілетін қосымшаның барлық компоненттерін тексеру. 4. Жұмыс алгоритмін ауытқусыз орындау. 5. Тест орындау құралымен жұмыс жасау. 6. Жұмыс тапсырмасының орындалуы туралы есеп жасау. 7. Дайын тесттерді іске қосу деңгейінде қосымшаларды автоматтандырылған тестілеу үшін (қажет болған жағдайда) арнайы бағдарламалық қамтылымды пайдалану. Білімдер: 1. Алгоритмдер мен автоматтар теориясының негіздері. 2. Бағдарламалау принциптері. 3. Бағдарламалау тілдері. 4. Тестілеу әдістері, негізгі тестілеу режимдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
	Дағды 5: Қосымшаларды тестілеу нәтижелерін тексеру	Машықтар: 1. Қосымшаларды тестілеу алгоритмдерін ауытқусыз орындау. 2. Нақты және күтілетін нәтижелерді салыстыру. 3. Ақауды нақтылау және сипаттау. 4. Қосымшаларды тестілеу қателерінің өнімділігі. Білімдер: 1. Қосымшаларды тестілеудің күтілетін және нақты нәтижелерін талдау. 2. Қосымшаларды тестілеу қателері өнімділігінің рәсімдері. 3. Қателерді бақылау жүйесіндегі тұрақты қателер. 4. Тесттерді басқару жүйесіне нәтижелерді енгізу рәсімдері. 5. Ақауларды бақылау жүйесіне ақау туралы ақпаратты енгізу қағидасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
		Машықтар: 1. Қателерді қадағалау жүйесіндегі қателерді белгілеу. 2. Тесттерді басқару жүйесіне нәтижелер енгізу.

	Дағды 6: Қосымшаларды тестілеу кателерін тіркеу	3. Ақауларды бақылау жүйесіне (деректер базасына) , оның ішінде ақау туындаған жағдайлардың сипаттамасын қоса алғанда ақау туралы ақпаратты енгізу. 4. Қосымшаны жақсарту туралы, егер мұндай ақпарат пайда болса, ақпаратты ақауларды бақылау жүйесіне енгізу. 5. Тапсырмаларды жоспарлау жүйесіне орындалған жұмыс тапсырмасы туралы есепке қосу. 6. Қосымшаларды тестілеу нәтижелері бойынша есепті құжаттаманы қалыптастыру. Білімдер: 1. Қосымшаларды тестілеуді орындау құралдары 2. Жобалау техникі және тест комбинаторикасы. 3. Ақаулардың типтері, олардың жіктелімі және туындау статистикасы. 4. Қосымшаларды тестілеудің түрлері мен әдістері. 5. Өзірленетін қосымшаны қолдану ортасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бейімділік; Ұқыптылық; Аналитикалық ойлау; Жауапкершілік.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Қосымшаларды тестілеу жөніндегі маманы
	6-7	QA-инженер

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

13. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

14. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
Жасанды интеллект және деректерді басқару комитеті

Жоба жетекшісі:

Байгазина А.

E-mail: a.baigazina@mdai.gov.kz

Телефон нөмірі: +7 (717) 264 94 55

Орындаушы:

Байгазина А., +7 (717) 264 94 55, a.baigazina@mdai.gov.kz.

15. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:

16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 02.06.2025 ж.

17. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
18. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2025 ж.
19. Болжамды қайта қарау күні: 01.01.2028 ж.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық
даму министрінің бұйрығына
5-қосымша

Кәсіптік стандарт "Деректер базасын басқару"

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Деректер базасын басқару" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдардағы және кәсіпорындардағы персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді. Осы кәсіптік стандарт негізінде ұйымдар өндірісті, еңбек пен басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, кәсіптік білім беру деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, қызметкерлерге арналған Корпоративтік кәсіптік стандартты ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Деректер базасы – осы деректердің сипаттамаларын, сондай-ақ олардың объектілері арасындағы өзара байланыстарды сипаттайтын тұжырымдамалық құрылымға сәйкес ұйымдастырылған мәліметтер жиынтығы.

2) Бэкапы – деректердің резервтік көшірмелері.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) АТ – ақпараттық технологиялар

2) БҚ – бағдарламалық қамтылым

3) АЖ – ақпараттық жүйе

4) ДББЖ – деректер базасын басқару жүйесі.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Деректер базасын басқару.

5. Кәсіптік стандарттың коды: J061.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

І Ақпарат және байланыс.

63 Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет.

63.1 Деректерді өңдеу, қосымшаларды (қолданбалы бағдармаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер; веб-порталдардың қызметі.

63.11 Деректерді өңдеу, қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер.

63.11.2 Ақпараттық жүйелер мен деректер базасын сүйемелдеумен ақпараттық-методологиялық қамтамасыз ету.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіби стандарт деректер базасын басқару жүйелерін орнату, конфигурациялау, жұмыс істеуін бақылау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кәсіпорынның деректер базасының резервтік көшірмесін жасауды басқару, деректер базасы серверінің ақауларға төзімділігін қамтамасыз ету бөлігінде кәсіпорын қызметінің саласын дамыту бойынша мамандарға қойылатын талаптарды анықтайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі маман (деректер базасы әкімшісі) - 5 СБШ-нің деңгейі;

2) Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі маман (деректер қоры әкімшісі) - 6 СБШ-нің деңгейі;

3) Үлкен деректермен жұмыс жөніндегі маман - 7 СБШ-нің деңгейі;

4) Деректер базасын басқару жүйесі жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі;

5) Деректер базасын сүйемелдеу жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі;

6) Деректер базасын басқару жүйесі жөніндегі маман - 5 СБШ-нің деңгейі;

7) Үлкен деректермен жұмыс жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі;

8) Деректер базасының аналитигі - 5 СБШ-нің деңгейі;

9) Деректер базасының аналитигі - 6 СБШ-нің деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі маман (деректер базасы әкімшісі)":		
Топтың коды:	2521-1	
Қызмет атауының коды:	2521-1-002	
Кәсіптің атауы:	Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі маман (деректер базасы әкімшісі)	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:		
	Мамандық:	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	Біліктілік:
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	жұмыс тәжірибесі талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	курс дайындық		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бағдарламалық жүйелердің тұрақты жұмысын және ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында деректер базасын бастапқы орнату, сүйемелдеу және резервті көшіру жұмыстарын жоғары деңгейдегі маманның басшылығымен орындау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бағдарламалық қамтылымды орнату және баптау. 2. ДБ жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 3. ДБ резервті көшіруді басқару және мониторинг жүргізу. 4. ДББЖ өнімділігін талдау және баптау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Бағдарламалық қамтылымды орнату және баптау	Дағды 1: Бағдарламалық қамтылымның параметрлерін конфигурациялау	Машықтар: 1. Деректер базасының бағдарламалық қамтылымның конфигурациялық файлдарын ашу және түзету. 2. Қосылу параметрлерін, оның ішінде порттарды, IP-мекенжайларды, логиндерді және қол жеткізу протоколдарын баптау. 3. Өнімділік параметрлерін өзгерту. 4. Қауіпсіздік параметрлерін баптау. 5. Конфигурация өзгерістерін жүйенің тұрақтылығы мен деректердің сақталуына барынша аз қауіп төндіре отырып қолдану.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Негізгі конфигурациялық параметрлерді тағайындау. 2. Конфигурациялық файлдардың құрылымы мен форматы. 3. Әртүрлі операциялық жүйелердегі конфигурацияның айырмашылықтары. 4. Конфигурациялау кезіндегі қауіпсіздік негіздері.	
			Ұсынылмайды
		Машықтар:	

	Дағды 2: Бағдарламалық қамтылымды орнату	1. ОЖ-ні алдын ала орнату конфигурациясын өткізу. 2. Жүйелік БҚ орнату. 3. БҚ орнату және баптау кезінде қателер туындаған жағдайда шара қолдану. 4. БҚ орнату және баптау жөніндегі техникалық құжаттаманы пайдалану. 5. Қауіпсіздік пен еңбек қорғау қағидаларын сақтау. Білімдер: 1. Қолданылатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің құрамы. 2. Орнатылатын бағдарламалық қамтылымның құрамы. 3. Аппараттық қауіпсіздіктің негіздері. 4. Қауіпсіз орнату қағидалары (дереккөздерді тексеру, әкімші құқықтары, зиянды бағдарламалық қамтылымнан қорғау).
Еңбек функциясы 2: ДБ жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Дағды 1: Деректер базасын басқару	Машықтар: 1. БҚ жұмысының тиімділігін бақылау. 2. Қолданушылар мен қолжетімділік құқықтарын басқару. 3. ДБ пайдалану мониторингін жүргізу. 4. ДБ бойынша эксплуатациялық құжаттаманы жүргізу. 5. ДБ жұмысы кезінде төтенше жағдайлар туындағанда шара қолдану. 6. ДБ-ға сұраулар орындау. Білімдер: 1. Аппараттық-бағдарламалық кешендердің негіздері. 2. ДБ жұмыс істеуін мониторингтектің негізі құралдары мен әдістері. 3. ДБ жұмысының типтік қателері. 4. ДБ сұрау салу тілдерінің негіздері 5. Резервті көшіру және қалпына келтіру тетігі. 6. Қауіпсіздік пен қолжетімділікті бақылау әдістері.
Еңбек функциясы 3:	Дағды 1:	Машықтар: 1. Деректер базасының резервті көшірмелерін тұрақты жасауын жоспарлау және баптау. 2. ДБ-ның резервті көшіру және қалпына келтіру рәсімдерінің орындалуын бақылау. 3. ДБ-ның резервті көшіру және қалпына келтіру регламенттерін сақтау. 4. Қажет болған жағдайда резервті көшірмелерден деректерді қалпына келтіру. 5. Бақтау және қалпына келтіру рәсімдерін құжаттау.

ДБ резервті көшіруді басқару және мониторинг жүргізу	Дерек базасы бэкаптарын бақылау және басқару		Білімдер: 1. Резервті көшіру түрлері және олардың ерекшеліктері. 2. Әртүрлі ДБ-да бэкаптар жасау және қалпына келтіру құралдары мен командалары. 3. Бэкап жасау кезіндегі тәуекелдер мен қателер. 4. Резервті көшірмелердің жүйелігі мен сақталуының маңызы. 5. Резервті көшірмелермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік саясаты.
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :		Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 4: ДББЖ өнімділігін талдау және күйге келтіру	Дағды 1: Деректер базасын қауіп-қатерлерден қорғау		Машықтар: 1. ДББЖ жұмысына мониторинг жүргізу. 2. Статистикалық ақпарат жинауды жүзеге асыру. 3. Логиндер мен өнімділік туралы есептерді талдау. 4. Өнімділіктің төмендеу себептері мен тар шектелген орындарды айқындау. 5. Жады, кэштеу және параллельді өңдеу параметрлерін баптау. 6. Жұмыс жылдамдығын арттыру үшін индекстер мен сұрауларды оңтайландыру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :		Білімдер: 1. Негізгі өнімділік метрикалары. 2. Танымал ДББЖ-ның архитектурасы мен ішкі тетігі. 3. Индекстеу және сұрауларды оңтайландыру әдістері. 4. ОЖ мен жабдық конфигурациясының ДББЖ жұмысына әсері. 5. Өнімділікті бақылау және талдау құралдары.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік; Жауапкершілік: Тәртіптілік; Орындаушылық; Нәтижеге бағдарлану; Командада жұмыс істеу.		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Деректер базасының әкімшісі (Деректер базасын басқару жөніндегі маман)	
	5	Дерек базасы аналитигі	
10. Кәсіптің карточкасы "Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі маман (деректер базасы әкімшісі)":			
Топтың коды:	2521-1		
Қызмет атауының коды:	2521-1-002		

Кәсіптің атауы:	Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі маман (деректер базасы әкімшісі)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Бейіні бойынша кемінде 3 жыл тәжірибе.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	курстық даярлық		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Корпоративтік ақпараттық ресурстардың кепілді қолжетімділігін, сақталуын, қауіпсіздігін және өнімділігін қамтамасыз ету мақсатында деректер базасын басқару жүйесінің (ДББЖ) кешенді әкімшілдігін және оңтайландырылуын қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және ұйым стандарттарына сәйкес дербес шешім қабылдау, процестерді жоспарлау және бақылау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бағдарламалық қамтылымды орнату және баптау. 2. ДБ жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 3. Деректер базасының резервтік көшірмесін бақылау және басқару. 4. Деректер базасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 5. Деректер базасын басқару жүйесінің өнімділігін талдау және баптау. 6. Деректер базасын басқару жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. 7. Деректер базасын дамыту басқаруы.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Жүйенің архитектурасын, өнімділік, қауіпсіздік және сенімділік талаптарын ескере отырып, ДББЖ серверлік және клиенттік бағдарламалық қамтылымның параметрлерін конфигурациялау. 2. Конфигурациялық файлдарды өңдеу және оңтайландыру. 3. Желілік параметрлерді баптау. 4. Ресурстарды басқару параметрлерін түзету.	

Еңбек функциясы 1: Бағдарламалық қамтылымның параметрлерін баптау	Дағды 1: Бағдарламалық қамтылымның параметрлерін баптау	5. Қызметтердің қолжетімділігін бұзбай конфигурация өзгерістерін қолдану және тестілеу, оның ішінде параметрлерді шұғыл қайта жүктеу және ДББЖ қызметтерін қауіпсіз қайта іске қосу. Білімдер: 1. Деректер базасын басқару жүйелерінің архитектурасы мен жұмыс істеу принциптері. 2. Түрлі ДББЖ конфигурациялық файлдарының мақсаты мен құрылымы. 3. Жүйе өнімділігіне параметр өзгерістерінің әсерін бағалау үшін диагностика және мониторинг құралдары. 4. ДББЖ-ні қауіпсіз баптау бойынша стандарттар мен ұсыныстар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Бағдарламалық қамтылымды инсталляциялау	Машықтар: 1. ДБ-ны болашақта пайдалану перспективаларын ескере отырып, аппараттық-бағдарламалық кешенге қойылатын талаптарды бағалау және әзірлеу. 2. ДБ орнатуға арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді жобалау. 3. Бағдарламалық қамтылымды орнату және баптау үшін ең тиімді ДББЖ-ны таңдау. 4. ДБ-ны болашақта пайдалану перспективаларын ескере отырып, оның құрылымдарын жобалау. 5. Аппараттық-бағдарламалық кешенді тиімді баптау. 6. Бағдарламалық қамтылымды орнату және баптауға арналған техникалық құжаттаманы пайдалану. 7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидаларын сақтау. Білімдер: 1. Аппараттық-бағдарламалық кешендердің техникалық сипаттамалары. 2. Әртүрлі ДББЖ ерекшеліктері. 3. ДББЖ-ға қойылатын талаптар. 4. Жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар. 5. Аппараттық-бағдарламалық кешендердің ресурстарын басқару тетігі. 6. ДБ қолданатын аппараттық жүйелер архитектуралары. 7. ДБ жобалау. 8. Аппараттық қауіпсіздік әдістері мен принциптері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машықтар:

Еңбек функциясы 2: Деректер базасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Дағды 1: Деректер базасын әкімшілендіру Дағдыны тану мүмкіндігі :	1. ДББЖ жұмысында туындайтын күрделі штаттан тыс жағдайлар мен инциденттерді талдау және шешу шараларын қабылдау. 2. ДБ-ны пайдалану барысында алынған жұмыс туралы ақпаратты талдау. 3. ДБ әкімшілендіру бойынша жұмыстарды үйлестіру. 4. ДБ жұмыс істеуіне қатысты нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу. 5. ДБ пайдалану нәтижелері негізінде аппараттық-бағдарламалық кешенді жаңғырту қажеттілігін талдау. 6. ДБ жұмысындағы істен шығу тәуекелдерін болжау және бағалау. Білімдер: 1. Пайдаланылатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің құрамы және оның компоненттерінің техникалық сипаттамалары. 2. ДБ-ды әкімшілеуге арналған бағдарламалық қамтылымның құрамы мен функционалдық мүмкіндіктері. 3. ДБ жұмыс істеуін мониторингтеу әдістері. 4. Ақпаратты талдау әдістері. 5. Тәуекелдерді басқару негіздері. Ұсынылмайды
7. 7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Спорттық бағдарламалау жаттықтырушысының еңбек қызметі жарыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру, спорттық бағдарламалау тапсырмаларын әзірлеу, сондай-ақ спорттық бағдарламалау бойынша жарыстарға қатысуға дайындық міндеттерін шешуге бағытталған. Осы кәсіптік стандарт қызметкерлердің кәсіби біліктілігін айқындауға және мойындауға, олардың құзыреттері мен дағдыларын анықтауға бағытталған.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) Спорттық бағдарламалау бойынша жаттықтырушы - 6 СБШ-нің деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Спорттық бағдарламалау бойынша жаттықтырушы":			
Топтың коды:	2512-3		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Спорттық бағдарламалау бойынша жаттықтырушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Бағдарламалауда кемінде 12 ай тәжірибесі		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	оқыту курстары, сертификаттау		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Спорттық бағдарламалау жарыстарын ұйымдастыру және оларға қатысуға дайындық.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Спорттық бағдарламалау бойынша оқу бағдарламаларын жасау 2. Спорттық бағдарламалау жарыстарына қатысуға дайындық 3. Жарысушылардың өнерін талдау	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу	
		Машықтар:	

Еңбек функциясы 1: Спорттық бағдарламалау бойынша оқу бағдарламаларын жасау	Дағды 1: Олимпиадаларға дайындық жоспарын құрастыру	1. Сабақтың тақырыптық жоспарын құрастыру 2. Теориялық білімді бекітуге арналған тапсырмаларды таңдау 3. Жарысқа қатысушылардың дағдыларын дамыту траекториясын құрастыру
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. Алгоритмдер мен деректер құрылымдары 2. Білімді меңгерудің негіздері 3. Жаттығу контекстері үшін тапсырмаларды таңдауы
	Дағды 2: Спорттық бағдарламалау бойынша оқу-жаттығу бағдарламаларын әзірлеу	Машықтар: 1. Байқаушының жеке қабілеттерін анықтау 2. Командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту 3. Команданың ішкі динамикасын басқару
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. Жарысқа қатысушылардың негізгі психологиялық типтері 2. Жарысқа қатысушылардың командадағы рөлдері 3. Командалар қалыптастыру әдістері
Еңбек функциясы 2: Спорттық бағдарламалау жарыстарына қатысуға дайындық	Дағды 1: Жаттығу контекстін өткізу	Машықтар: 1. Сайыс платформасында контекст жасау 2. Қатысушыларды тіркеу 3. Сайыс платформасында контекст өткізу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. Спорттық бағдарламалау бойынша сайыстарды өткізу форматы 2. Шешімдерді тестілеу жүйелері 3. Сайыс платформасында қатысушыларды басқаруы
	Дағды 2: Жаттығу сабақтарын өткізу	Машықтар: 1. Күрделі алгоритмдерді түсіндіру 2. Алгоритмдердің визуализацияларын қолдану 3. Оқытуға арналған онлайн-сервистерді пайдалану 4. Қауіпсіздік техникасын, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік нормаларын сақтау
		Білімдер: 1. Жетілдірілген алгоритмдер 2. Алгоритмдерді сипаттау нотациялары 3. Олимпиадаларға дайындыққа арналған онлайн-сервистер 4. Қауіпсіздік техникасы, ақпараттық қауіпсіздік талаптары

	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
	Дағды 3: Тапсырмалар мен алгоритмдерді талдау	Машықтар: 1. Күрделі теориялық құрылымдарды түсінікті түсіндіру 2. Алгоритмдерді нақты өмірден мысалдармен салыстыру 3. Деректер құрылымдарын нақты өмірден мысалдармен салыстыру Білімдер: 1. Жетілдірілген алгоритмдері 2. Визуалдық құралдары 3. Алгоритмдердің нақты өмірде қолдану мысалдары
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Жарысушылардың өнерін талдау	Дағды 1: жарысушылардың мінез-құлық қателіктерін талдау	Машықтар: 1. Топтық жұмыстағы қателерді мойындау 2. Топтық жұмыс стратегиясын әзірлеу 3. Жарысушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, топтық жұмыс тактикасын әзірлеу Білімдер: 1. Топтық жұмыс психологиясы 2. Топтық жұмыс стратегиясын құру принциптері 3. Топтық жұмыс тактикасын құру принциптері
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Бжарысушылардың техникалық қателіктерін талдау	Машықтар: 1. Бағдарлама кодын оқу 2. Программа кодындағы синтаксистік қателерді анықтау 3. Программа кодындағы логикалық қателерді анықтау Білімдер: 1. Бағдарламалау тілдері 2. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу орталары 3. Кодтау әдістері
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
Қосымша еңбек функциясы 1:	Дағды 1: Жарысты ұйымдастыру	Машықтар: 1. Жарыс регламентін әзірлеу 2. Жарыс бюджетін әзірлеу 3. Топты басқару 4. Қауіпсіздік техникасын, соның ішінде ақпараттық қауіпсіздік нормаларын сақтау Білімдер:

Олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу	1. Спорттық бағдарламалау бойынша жарыстарды өткізу форматы 2. Жеке тұлғааралық коммуникациялар 3. Қаржылық жоспарлау 4. Қауіпсіздік техникасы, ақпараттық қауіпсіздік талаптары	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Тәртіптілік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Бағдарламалық қамтылым жобалаушы
	6	Қосымшалар әзірлеуші

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

11. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің
 Цифрлық активтер және серпінді технологиялар комитеті

Жоба жетекшісі:

Байгазина А.

E-mail: a.baigazina@mdai.gov.kz

Телефон нөмірі: +7 (717) 264 94 55

Орындаушылар:

Байгазина А., +7 (717) 264 94 55, a.baigazina@mdai.gov.kz.

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 11.06.2025 г.

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 15.10.2025 г.

14. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2025 г.

16. Болжамды қайта қарау күні: 11.01.2028 г.

Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 орынбасары – Жасанды
 интеллект және цифрлық
 даму министрінің бұйрығына
 2025 жылғы 10 қарашадағы
 № 569 / НҚ 14-қосымша

Кәсіптік стандарт: "Бұлттық технологиялар"

Ескерту. Бұйрық стандартпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 20.04.2026 № 209/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Бұлттық технологиялар" кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасының "Кәсіби біліктіліктер туралы" Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген және білім беру бағдарламаларын, соның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуды, қызметкерлер мен білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіби біліктілігін тануды, сондай-ақ ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуді қалыптастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Ақпараттық жүйе (АЖ) – ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді жүзеге асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қызмет көрсетуші персонал мен техникалық құжаттаманың ұйымдық тұрғыдан ретке келтірілген жиынтығы.

2) Ақпараттық технология (АТ, IT) – объектінің, үдерістің немесе құбылыстың жай-күйі туралы жаңа сападағы ақпарат алу үшін деректерді жинау, өңдеу және беру құралдары мен әдістерінің жиынтығын пайдаланатын үдеріс. Ақпараттық технологиялар (АТ, ағылш. Information Technology, IT) – есептеу техникасын қолдана отырып, орасан зор ақпарат ағындарын басқару және өңдеу технологияларына байланысты қызмет салаларының сыныбы.

3) АЖ сүйемелдеу – өндірістік пайдалануға енгізілген АЖ-ны оның арналуына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету, оған бағдарламалық жасақтаманы түзету, модификациялау және ақауларын жою бойынша іс-шараларды жүргізу кіреді, бұл ретте жаңғырту жүргізілмейді, қосымша функционалдық талаптар іске асырылмайды және оның тұтастығы сақталады.

4) Ақпараттық жүйенің архитектурасы – ақпараттық жүйенің моделін, құрылымын, орындайтын функцияларын және оның компоненттерінің өзара байланысын айқындайтын тұжырымдама.

5) Деректер қоры (ДҚ) – осы деректердің сипаттамаларын, сондай-ақ олардың объектілері арасындағы өзара байланыстарды сипаттайтын тұжырымдамалық құрылымға сәйкес ұйымдастырылған деректер жиынтығы.

6) Бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ) – бағдарламалар, бағдарламалық кодтар, сондай-ақ оларды пайдалануға қажетті техникалық құжаттамасы бар бағдарламалық өнімдер жиынтығы.

7) Бағдарламалық интерфейс – есептеу жүйесінің компоненттері арасында ақпарат алмасуға арналған, қажетті процедуралар жиынтығын, олардың параметрлерін және оларға жүгіну тәсілдерін айқындайтын біріктірілген байланыстар жүйесі.

8) Бағдарламалық өнім – дербес бағдарлама немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің бір бөлігі, тауар болып табылатын және оны әзірлеушілерден тәуелсіз түрде техникалық құжаттамада белгіленген жүйелік талаптарға сәйкес көзделген мақсаттарда пайдалануға болатын өнім.

9) Дата-орталық (ағылш. data center) немесе деректерді (сақтау және) өңдеу орталығы (ДӨО) – белгілі бір критерийлерді қанағаттандыратын функцияларды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ІТ-инфрақұрылымы бар ақпараттық деректерді сақтау, өңдеу және тарату бойынша кешенді шешімдер қолданылған ғимарат (немесе оның бөлігі).

10) Бұлттық есептеулер (ағылш. cloud computing) – талап бойынша ыңғайлы желілік қолжеткізуді қамтамасыз ететін, конфигурацияланатын есептеу ресурстарының (мысалы, деректер беру желілері, серверлер, деректерді сақтау құрылғылары, қолданбалар мен сервистер – бірге де, жеке де) ортақ қорына қол жеткізу моделі, бұл ресурстарды азғантай пайдалану шығындарымен немесе провайдерге жүгінуді барынша қысқарта отырып жедел түрде бөлуге және босатуға мүмкіндік береді.

11) NAT (ағылш. Network Address Translation – "желі мекенжайларын түрлендіру") – TCP/IP желілерінде транзиттік пакеттердің IP-мекенжайларын түрлендіруге мүмкіндік беретін тетік.

12) VPN (ағылш. Virtual Private Network — "виртуалды жеке желі") – басқа желінің (мысалы, Интернеттің) үстінде бір немесе бірнеше желілік қосылымды (логикалық желіні) қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологиялардың жиынтық атауы.

13) Деректерді сақтау желісі (СХД) (ағылш. Storage Area Network, SAN) – диск массивтері, таспалы кітапханалар, оптикалық жинақтауыштар сияқты сыртқы деректерді сақтау құрылғыларын серверлерге операциялық жүйе қосылған ресурстарды жергілікті ретінде танып-білетіндей етіп қосуға арналған архитектуралық шешім болып табылады.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) АТ – ақпараттық технологиялар;
- 2) ДӨО – деректерді өңдеу орталығы;
- 3) ОЖ – операциялық жүйе;
- 4) БҚ – бағдарламалық қамтамасыз ету.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Бұлттық технологиялар.
5. Кәсіптік стандарттың коды: J072.
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
J Ақпарат және байланыс.

62 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер.

62.0 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер.

62.01 Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет.

62.01.1 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандарт бұлттық ортада шешімдер мен қызметтерді әзірлеу, орналастыру, көшіру, пайдалану және оңтайландыруға байланысты еңбек функцияларын орындау үшін қажетті білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығын айқындайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Бұлттық технологиялар әзірлеушісі - 5 СБШ-нің деңгейі;
- 2) Бұлттық технологиялар әзірлеушісі - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 3) Бұлттық есептеулер жөніндегі маман - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 4) Бұлттық технологиялар сәулетшісі - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 5) Бұлттық технологиялар әкімшісі - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 6) Бұлттық есептеулер жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 7) Бұлттық технологиялар әкімшісі - 5 СБШ-нің деңгейі;
- 8) Бұлттық технологиялар әкімшісі - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 9) Бұлттық технологиялар сәулетшісі - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 10) Бұлттық технологиялар әзірлеушісі - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 11) Бұлттық технологиялар сәулетшісі - 5 СБШ-нің деңгейі.

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Бұлттық технологиялар әзірлеушісі":		
Топтың коды:	2529-0	
Қызмет атауының коды:	-	
Кәсіптің атауы:	Бұлттық технологиялар әзірлеушісі	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:		
	Мамандық:	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (колданбалы бакалавриат)	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Тәжірибесіз		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Курстық дайындық, сертификаттау		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2529-0-001 - Бұлтты есептеулер жөніндегі маман		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бұлттық платформалардың жекелеген сервистері мен модульдерін аға мамандардың басшылығымен техникалық тапсырма мен архитектуралық талаптарға сәйкес код жазу, тестілеу және жөндеу арқылы құру, модификациялау, интеграциялау және сүйемелдеу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жұмыстарды басқару және бұлттық жүйелердің бағдарламалық жасақтамасын әзірлеу 2. Бұлттық жүйелерді жобалау және сүйемелдеу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жұмыстарды басқару және бұлттық жүйелердің	Дағды 1: Бұлттық жүйелердің бағдарламалық жасақтамасын кодтау	Машықтар: 1. Бұлттық жүйелердің функцияларын жүзеге асыру: бағдарламаларды орындау кодын жазу, желілер арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, бағдарламаларды қорғау және көппайдаланушылық жүйелерде қол жеткізу құқықтарын шектеу 2. Деректерді беру бойынша әртүрлі стандарттар мен хаттамаларды жүзеге асыру 3. Деректерді сақтау, шифрлау және өңдеу әдістерін жүзеге асыру 4. Бағдарламалық жасақтаманы орнатуға арналған инсталляциялық пакеттер жасау 5. Әртүрлі бағдарламалау тілдері үшін бағдарламалық жасақтама модульдерінің кодын құру, жөндеу және оңтайландыру құралдарын қолдану 6. Бағдарламалық жасақтама кодын рәсімдеу стандарттарын қолдану 7. Код пен құжаттарды нұсқалық сақтаудың құралдарын пайдалану 8. Бұлттық жүйелерді әзірлеуге арналған жобалық құжаттаманы оқу 9. Дайын бұлттық сервистерді әзірленіп жатқан қолданбаларға интеграциялау 10. Жасалатын код үшін модульдік және интеграциялық тесттер жазу	
		Білімдер: 1. Қазіргі заманғы бұлттық жүйелердің және олардың базалық сервистерінің құрылысы мен жұмыс істеуі	

бағдарламалық жасақтамасын әзірлеу		2. Таратылған жүйелердегі өзара әрекеттесу үлгілері мен желілік хаттамалар 3. Деректерді беру мен веб-коммуникацияның заманауи стандарттары мен хаттамалары 4. Бұлттық ортада қолданылатын қазіргі заманғы операциялық жүйелердің негіздері 5. Бұлттық қоймалар мен дерекқорларда деректерді сақтау, шифрлау және өңдеу әдістері 6. Реляциялық және реляциялық емес түрлерін қоса алғанда, қазіргі заманғы дерекқорды басқару жүйелерінің негіздері 7. Дерекқор теориясы және деректер құрылымдарын жобалау қағидаттары 8. Бағдарламалау мен алгоритмдеудің негіздері 9. Бұлттық әзірлемеде кең таралған қазіргі заманғы объектіге бағытталған және скрипттік бағдарламалау тілдері 10. Нұсқаларды басқару жүйелері және бірлесіп әзірлеу практикасы 11. Контейнерлеудің негіздері және қолданбаларды жинақтау практикасы 12. Қызметке-бағдарланған және микросервистік архитектуралардың жұмыс істеу қағидаттары мен оларды қолдану
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Бұлттық жүйелерді жобалау және сүйемелдеу	Дағды 1: Бұлттық жүйелерді пайдалану	Машықтар: 1. Тест жиынтықтарын, сценарийлерді және тесттік кодты әзірлеу құралдарын қолдану 2. Тестілеу үдерістерін және үздіксіз интеграцияны автоматтандыру құралдарын пайдалану 3. Әртүрлі тестілеу түрлерін жүргізу: функционалдық, өнімділік, жүктемелік, қауіпсіздік, үйлесімділік 4. Бекітілген рәсімдерге сәйкес бұлттық ортада сервистерді енгізуге және жанартуға қатысу 5. Әзірленген сервистердің жұмысқа қабілеттілігінің базалық метрикаларын мониторингтеу 6. Әзірленген модульдердің жұмысына байланысты инциденттерді талдау және жоюға қатысу 7. Әзірленген компоненттер бойынша техникалық құжаттаманы жүргізу Білімдер: 1. Бағдарламалық жасақтаманың сапасын қамтамасыз ету қағидаттары мен әдістері 2. Бағдарламалық жасақтаманы тестілеу әдістемелері және тестілік артефакт түрлері 3. Үздіксіз интеграция және жеткізу үдерістерінің негіздері 4. Бұлттық қосымшаларда лог жүргізу, мониторинг және хабардар ету қағидаттары

		5. Әзірленетін қосымшалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің базалық тәсілдері 6. Бағдарламалық жасақтаманың өмірлік циклі және оны сүйемелдеу практикасы	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Құрылымдық ойлау Табандылық пен зейін Шығармашылық көзқарас Өзін-өзі оқыту қабілеті Іскерлік қарым-қатынас дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Бұлттық технологиялар сәулетшісі	
	6	Бұлттық технологиялар әзірлеушісі	
10. Кәсіптің карточкасы "Бұлттық технологиялар әзірлеушісі":			
Топтың коды:	2529-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Бұлттық технологиялар әзірлеушісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласында кемінде 5 жыл, оның ішінде жоғары жүктемелі бұлттық платформаларды, бөлінген жүйелерді немесе сыни маңызды бұлттық сервистерді құру жобаларында техникалық лидер, архитектор немесе жетекші әзірлеуші ролінде кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Курстық дайындық, сертификаттау		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2529-0-001 - Бұлтты есептеулер жөніндегі маман		

Қызметтің негізгі мақсаты:	Бұлттық платформаның жекелеген модульдерін жобалау, жекелеген модульдер үшін код жазу, сервистегі мәселелерге жауап беру және оларды жою.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұлттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етуін әзірлеу және жұмыстарды басқару 2. Бұлттық жүйелерді жобалау және сүйемелдеу
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Бұлттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етуін әзірлеу және жұмыстарды басқару	Дағды 1: Бұлттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етуін кодтау	Машықтар: 1. Бұлттық жүйелер үшін БҚ архитектурасын әзірлеу 2. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үдерістері мен өнім сапасы әдістерін меңгеру 3. Ақпаратты жинау және талдау жүргізу 4. Жұмыстар нәтижелері бойынша есептілікті жасау үшін аспаптық құралдарды қолдану 5. Бүкіл ұйым немесе бағыт үшін техникалық көріністі, әзірлеу қағидаттары мен стандарттарын айқындау және формализациялау 6. Жаңа жобаларды, технологияларды немесе сатып алуларды бағалау кезінде техникалық due diligence жүргізу 7. Архитектураның ұзақ мерзімді эволюциясы мен қолдауды қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеу және енгізу Білімдер: 1. Есептеу жүйелерінің архитектурасының, құрылымының және жұмыс істеуінің негіздері 2. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеудің заманауи әдіснамалары 3. Бағдарламалық қамтамасыз етуді ұжымдық әзірлеу жүйелері 4. Автоматтандырылған жүйелерді әзірлеу стандарттары 5. Ақпараттық технологиялар саласындағы жобалардың ресурстарын басқару әдістері 6. Ақпараттық технологиялар саласындағы жобалық құжаттама 7. Ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды басқару жөніндегі арнайы әдебиет
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Бұлттық жүйелердің компоненттері деңгейінде кодты талдау және оңтайландыру	3. Өнімділік, сенімділік, құн және әзірлеу жылдамдығы арасындағы теңгерімді сақтай отырып, оңтайландыру әдістері мен басымдықтарын стратегиялық таңдау 4. Архитектуралық шектеулерді еңсеру үшін критикалық компоненттерді түбегейлі қайта жобалау жөніндегі жобаларды бастамашылдықпен көтеру және оларға басшылық ету 5. Өнімділік пен тиімділік проблемаларын ерте кезеңдерде анықтау үшін метрикалар, әдістемелер мен құралдар әзірлеу 6. Ұсынылып отырған архитектуралық шешімдердің ауқымдылығы мен өнімділігі мәселелері бойынша сараптама жүргізу және қорытындылар беру Білімдер: 1. Бұлттық жүйелерді оңтайландырудың барлық деңгейлері: аппараттық қамтамасыз етуден және гипервизорлардан бастап қолданбалардың бизнес-логикасы деңгейіне дейін 2. Қазіргі заманғы бұлттық жүйелердің озық архитектурасы, соның ішінде серверсіз есептеулер, service mesh, жаңа буын дерекқорлары 3. Ғаламдық бөлінген жүйелерде күрделі процестер аралық, сервис аралық өзара әрекеттесуді және күйді басқаруды ұйымдастыру қағидаттары 4. Модульдер мен жүйелердің жалпы сипаттамаларын, SLA және SLO бағалауға арналған әдістемелер мен математикалық модельдер 5. Орындалу уақытын бағалау және болжау, ресурстарды жоспарлау және жүктемені модельдеу әдістемелері 6. Оңтайландырудың экономикалық аспектілері және олардың техникалық шешімдермен байланысы
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 1:	Машықтар: 1. Бұлттық жүйелер БҚ-сын әзірлеуге арналған жобалық құжаттаманы сараптамадан өткізу және бекіту 2. Пайдалану персоналының әрекеттері мен үдерістерін үлгілеу және оңтайландыру арқылы тиімділікті арттыру және тәуекелдерді азайту 3. Білімдерді басқару, эталондық құжаттаманы жасау және сәйкестікті (compliance) қамтамасыз ету үшін аспаптық құралдарды таңдау және қолдану 4. Бұлттық жүйелер компоненттерін енгізу, жаңарту және кері қайтару стратегиясы мен стандарттарын айқындау 5. Ұйым немесе бірнеше команда ауқымында жобалық технологиялар мен тәжірибелерді енгізу және жұмыстарды басқару

Еңбек функциясы 2: Бұлттық жүйелерді жобалау және сүйемелдеу	Бұлттық жүйелерді құру және сүйемелдеу бойынша техникалық құжаттаманы әзірлеу		6. Сындалы техникалық құжаттаманы қорытынды бақылау және валидациялау 7. Технологиялық стекті және құзыреттерді дамыту жөніндегі шешімдер қабылдау үшін ақпаратты синтездеу және стратегиялық талдау жүргізу
			Білімдер: 1. Бұлттық жүйелерді жобалау және кәсіпорын архитектурасын басқарудың озық әдіснамалары мен фреймворктері 2. Ақпараттық жүйелерді жобалау, ақпараттық қауіпсіздік және пайдалану жөніндегі халықаралық, ұлттық және салалық стандарттар мен нормативтік материалдар 3. Қауіпсіздікті, талаптарға сәйкестікті және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ететін жобалау технологиялары мен практикалары 4. Бұлттық жүйелер мен экожүйелердің ақпараттық өзара әрекеттестігі саласындағы заманауи стандарттар, хаттамалар және үрдістер
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Құрылымдық ойлау Табандылық пен зейін Шығармашылық көзқарас Өзін-өзі оқыту қабілеті Іскерлік қарым-қатынас дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Бұлттық технологиялар әзірлеушісі	
	6	Бұлттық технологиялар әзірлеушісі	
11. Кәсіптің карточкасы "Бұлттық есептеулер жөніндегі маман":			
Топтың коды:	2529-0		
Қызмет атауының коды:	2529-0-001		
Кәсіптің атауы:	Бұлттық есептеулер жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (	Мамандық:	Біліктілік: -

Кәсіптік білім деңгейі:	магистратура, резидентура)	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Күрделі интеграциялық шешімдерді жобалау және ендіру саласында кемінде 5 жыл, оның ішінде басшылық немесе архитектуралық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, бұлттық трансформацияның ірі ауқымды жобаларын іске асыру және будан АТ-ландшафтарын құрудағы жетістіктерімен расталған болуы тиіс		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Курстық дайындық, сертификаттау		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ұйымның негізгі бизнес-процестерін және цифрлық трансформациясын қолдау үшін бұлттық және жергілікті ақпараттық жүйелердің үздіксіз, қауіпсіз және тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін кешенді интеграция экожүйесін құру және эволюциясы үдерістеріне стратегиялық басқару және архитектуралық жетекшілік жасау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді жасау (өзгерту) және сүйемелдеу үдерістеріне техникалық қолдау көрсету 2. Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді әзірлеу (өзгерту) және сүйемелдеу бойынша жұмыстарды орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Интеграциялық шешімнің алынған сипаттамаларын бизнес-мақсаттарға және техникалық көрініске сәйкестігі тұрғысынан стратегиялық талдау жүргізу 2. Кешенді сынақтар мен пилоттық ендіру нәтижелерін өнеркәсіптік пайдалануға дайындық туралы шешім қабылдау үшін интерпретациялау 3. Бағдарлама мен әдістеме талаптарына сәйкес сынақ нәтижелері негізінде басшылық үшін қорытынды есептілік пен ұсынымдар дайындау 4. Іс-қимыл стратегиясындағы өзгерістерді таңдау және бастамашылық жасау, үдерістердің тиімділігін ұйымдық деңгейде бақылау және бағалау 5. Бақылау үлгілеріне және сынақ рәсімдеріне қойылатын стандарттарды, үлгілерді және талаптарды әзірлеу және бекіту 6. Сындарлы бизнес-сценарийлер мен edge-кейстерді қамтуды қамтамасыз ететін тестілік деректерді генерациялау стратегиялары мен әдістемелерін әзірлеу	

Еңбек функциясы 1: Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді жасау (өзгерту) және сүйемелдеу үдерістеріне техникалық колдау көрсету	Дағды 1: Интеграциялық шешімге сынақтар жүргізу және оны сүйемелдеу	7. Сынаққа арналған эталондық деректер жиынтықтарын дайындау, верификациялау және олардың өмірлік циклін басқаруға басшылық жасау 8. Сынақ бағдарламалары үшін негізгі нысандарды, мақсаттарды және табыстылық критерийлерін айқындау және бекіту 9. Ауқымды сынақтар өткізу көлемін, шарттарын, ресурстарын және тәртібін айқындау және келісу 10. Сынақтар үшін қажетті материалдық-техникалық және метрологиялық қамтамасыз етуді айқындау және қамтамасыз ету 11. Стратегиялық талаптар негізінде корпоративтік сынақ бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу, бекіту және жетілдіру Білімдер: 1. Сапаны қамтамасыз ету жүйелерін құрудың озық қағидалары, алгоритмдері мен технологиялары, соның ішінде тестілеуді автоматтандыру және CI/CD 2. Тестілеу мен сапаны бағалаудың заманауи стандарттары, фреймворктары мен әдіснамалары 3. Сапаны, өзгерістерді және инциденттерді басқару үдерістерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар және сыртқы реттеушілік талаптар 4. Қызмет көрсету деңгейі туралы келісімдердің техникалық және бизнес-аспектілері және оларды мониторингтеу әдістері 5. Кәсіпорын ауқымында тестілеу артефактілерін жобалау және басқару әдістері 6. Қауіпсіздік пен құпиялылықты ескере отырып, деректерді басқару (Data Governance) мен тестілік деректерді басқару принциптері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Интеграциялық шешімді пайдалануға беру	Машықтар: 1. Қабылдау-тапсыру сынақтарының жүргізілуіне басшылық жасау және шешімнің пайдалануға дайын екендігі туралы шешім қабылдау 2. Корпоративтік пайдалану регламенттерін, саясаттары мен стандарттарын әзірлеу және бекіту 3. Енгізу бағдарламалары үшін жұмыстардың стратегиялық көлемдерін, бюджеттерді және мерзімдерді бағалау 4. Стратегиялық коммуникацияларды жүзеге асыру және негізгі мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) күтулерін басқару 5. Пайдалануға енгізу жобасының аяқталуы бойынша қорытынды регламенттік құжаттар мен актілерді дайындау және келісу Білімдер:

		1. Жүйелердің сынилік кластарын ескере отырып бейімделген сынақ бағдарламалары мен әдістемелері жөніндегі тереңдетілген білімдер 2. Автоматтандырылған жүйелерге арналған құжаттаманы әзірлеу және жобаларды басқару бойынша халықаралық және ұлттық стандарттар, нұсқаулық құжаттар 3. Жобаларды басқару және жобалар портфелін басқару әдістемелері 4. Ұйымдағы өзгерістерді басқару қағидаттары және коммуникациялық стратегиялар
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді әзірлеу (өзгерту) және сүйемелдеу бойынша жұмыстарды орындау	Дағды 1: Техникалық тапсырмаға сәйкес интеграциялық шешім құру	Машықтар: 1. Басқарушылық шешімдер қабылдау әдістерін қолдану 2. Интеграциялық шешімдерді жасау (өзгерту) және сүйемелдеу талаптарын әзірлеу бөлігінде нормативтік-техникалық құжаттарды (стандарттар мен регламенттерді) қолдану 3. Интеграциялық шешімге қойылатын функционалдық талаптарды талдау әдістері мен құралдарын қолдану 4. Интеграциялық шешімге арналған техникалық сипаттамаларды әзірлеу әдістері мен құралдарын қолдану Білімдер: 1. Жұмыстардың көлемін және орындалу мерзімдерін бағалау әдістері 2. Басқарушылық шешімдер қабылдау әдістері 3. Персоналды басқарудың негізгі қағидаттары мен әдістері 4. Интеграциялық шешімге қойылатын функционалдық талаптарды талдау әдістері мен құралдары 5. Интеграциялық шешімге арналған техникалық сипаттамаларды әзірлеу әдістері мен құралдары
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 2:	Машықтар: 1. Енгізілген интеграциялық шешімнің ағымдағы және болашақ бизнес талаптарына сәйкестігін аудиттен өткізу және стратегиялық бағалау 2. Тапсырыс берушінің интеграциялық экожүйеге қойылатын стратегиялық талаптарын талдау, құрылымдау және басымдықтарын айқындау 3. Талаптарды стратегиялық іске асыру нұсқаларын әзірлеу және ұсыну, соның ішінде тәуекелдер мен иелік ету құнын бағалау

	Техникалық тапсырмаға сәйкес интеграциялық платформа негізінде интеграциялық шешімді конфигурациялау	4. Платформаларды, интеграция паттерндерін және технологияларын таңдауға қатысты негізгі архитектуралық шешімдерді қабылдау	
		Білімдер: 1. Формальды талдау, модельдеу және талаптарды басқарудың озық әдістері 2. Типтік және инновациялық интеграциялық шешімдер, платформалар және олардың эволюциялық даму жолдары 3. Жоғары тәуекел жағдайында тиімді тұлғааралық және топтық коммуникация, келіссөздер жүргізу, жанжалдарды басқару технологиялары 4. Басшылыққа арналған презентациялар мен есептерді дайындау, іскерлік хат алмасу стандарттары және үздік тәжірибелер	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Аналитикалық ойлау Сыни ойлау Ұйымдастыру		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Бұлттық есептеулер жөніндегі маман	
	7	Бұлттық технологиялар әкімшісі	
12. Кәсіптің карточкасы "Бұлттық технологиялар сәулетшісі":			
Топтың коды:	2529-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Бұлттық технологиялар сәулетшісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	IT-архитектураларды жобалау саласында кемінде 5 жыл, оның ішінде жетекші архитектор немесе архитектуралық бөлім басшысы ролінде кемінде 3 жыл. Цифрлық трансформация стратегияларын әзірлеу және іске асыру, кәсіпорынның бұлттық платформаларын құру бойынша дәлелденген тәжірибе.	
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Курстық дайындық, сертификаттау	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2529-0-001 - Бұлтты есептеулер жөніндегі маман	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бұлттық модельдерге негізделген кәсіпорынның бірыңғай архитектуралық стратегиясын қалыптастыру және іске асыру, ол стратегиялық бизнес-мақсаттарға қол жеткізуді, технологиялық эволюцияны, IT-ландшафтты басқаруды, сондай-ақ инновациялар, шығындарды оңтайландыру және IT-тің икемділігін арттыру есебінен тұрақты бәсекелік артықшылықтар құруды қамтамасыз етеді.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұлттық архитектураны әзірлеу 2. Бұлттық стратегияны әзірлеу және бейімдеу процесін үйлестіру 3. Бұлттық сервистерді қызмет көрсету модельдерін жобалау
	Қосымша еңбек функциялары:	
	Дағды 1: Ұ й ы м н ы ң бизнес-талаптарын ескере отырып бұлттық шешімдерді жобалау	Машықтар: 1. Кәсіпорын деңгейінде IT-архитектураға қойылатын талаптар портфелін қалыптастыруды және оларды басымдыққа бөлуді үйлестіру 2. Кәсіпорын архитектурасын талдау, жобалау және басқару бойынша заманауи әдіснамалар мен құралдарды меңгеру және енгізу 3. Бизнес-талаптарды архитектуралық тұрғыдан іске асыру мүмкіндігін, құнын және тәуекелдерін стратегиялық бағалау 4. Архитекторлар мен инженерлер командасын басқару, ұйымдағы архитектуралық мәдениетті қалыптастыру 5. Кәсіпорынның негізгі архитектуралық артефактілерін: қағидаттарын, стандарттарын, нысаналы архитектурасын әзірлеу және қолдау 6. Бизнес-стратегияны, операциялық модельді және құн драйверлерін терең талдау және оларды архитектуралық шешімдерге трансляциялау
		Білімдер: 1. Кәсіпорын деңгейінде талаптарды жинаудың, талдаудың және басқарудың озық әдістері мен құралдары 2. Формальданған талаптарды, спецификациялар мен архитектуралық модельдерді әзірлеу әдістері мен технологиялары

Еңбек функциясы 1: Бұлттық архитектураны әзірлеу		3. Персоналды басқару, командалар құру, көшбасшылық қасиеттер мен архитектуралық құзыреттерді дамыту қағидаттары 4. Архитектураны сипаттаудың, модельдеудің және спецификациялаудың заманауи тілдері мен фреймворктары
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Бұлттық есептеулерге негізделген IT-шешімді әзірлеу	Машықтар: 1. Кәсіпорынның бұлттық платформалары мен экожүйелеріне қойылатын стратегиялық талаптарды тұжырымдау және формализациялау 2. Кәсіпорынның бұлттық есептеу жүйесінің біртұтас, мақсатқа бағытталған және бейімделгіш архитектурасын әзірлеу 3. Инновациялар, тұрақтылық және іске асыру жылдамдығының арасындағы балансты қамтамасыз ету үшін қажет архитектуралық шешімдердің көлемін айқындау және басқару 4. Кәсіпорын архитектурасын құру және басқару үшін мамандандырылған әдіснамалар мен фреймворктерді қолдану және бейімдеу Білімдер: 1. Стратегиялық талаптарды, жол карталарын және бизнес-кейстерді әзірлеудің озық әдістері мен құралдары 2. Қазіргі заманғы гибриді және мультибұлттық платформаларды құрудың архитектуралық стильдері, тактикалары, үлгілері мен қағидаттары 3. Кәсіпорын архитектурасын басқару және цифрлық трансформация фреймворктары
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Бұлттық стратегияны әзірлеу және бейімдеу процесін үйлестіру		Машықтар: 1. Арнайы тілдер көмегімен сипатталған күрделі архитектуралық модельдерді стратегияға сәйкестігі тұрғысынан сараптамадан өткізу 2. Архитектуралық шешімдерді келісу үшін топ-менеджментпен, бизнес иелерімен және негізгі мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу 3. Бизнес-нәтижелер үшін жоғары дәрежеде жауапкершілік жүктейтін архитектуралық мәселелер бойынша түпкілікті шешімдер қабылдау 4. Кәсіпорынның архитектуралық кеңесін және ерекшеліктерді келісу процестерін басқару
	Дағды 1: Бұлттық шешімдерді қолдауды бақылау	Білімдер: 1. Бұлттық технологиялар мен архитектура саласындағы сапаның, үдерістердің жетілгендігінің халықаралық стандарттары және үздік тәжірибелер

		2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тәуекелдерді басқару жөніндегі стратегиялық тәсілдер мен фреймворктер 3. Өнім сапасын, IT-қызметтер портфелін басқару және бизнес үшін IT-тің құндылығын өлшеу қағидаттары 4. Көшбасшылық психологиясының негіздері, қақтығыстарды басқару және жоғары деңгейде келіссөздер жүргізу негіздері
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Бұлттық сервистерді қызмет көрсету модельдерін жобалау	Дағды 1: "Қызмет ретінде инфрақұрылым" қызмет көрсету моделін жобалау	Машықтар: 1. Кәсіпорынның бұлттық инфрақұрылымының негізгі элементтерін жобалау стратегиясын және стандарттарын айқындау 2. Виртуализация, контейнерлеу және инфрақұрылымды код ретінде басқару саласында технологиялық саясатты қалыптастыру 3. Виртуалды серверлерді, сақтау жүйелерін, желілерді және платформалық сервистерді баптау стандарттары мен қағидаттарын бекіту 4. Бұлттық инфрақұрылымның қауіпсіздігінің кешенді стратегиясы мен архитектурасын әзірлеу және енгізу 5. Бұлттық инфрақұрылымдардың өнімділігі, сыйымдылығы және экономикалық тиімділігі бойынша стратегиялық есептеулер жүргізу 6. Гибридті бұлттық модельде деректерді өңдеу орталықтарын пайдалану және орналастыру стратегиясын айқындау 7. Бұлттық сервистерге арналған желілік инфрақұрылымды дамыту стратегиясы мен архитектуралық қағидаттарын бекіту Білімдер: 1. Гиперконвергентті жүйелер мен серверсіз есептеулерді қоса алғанда, бұлттық инфрақұрылымдардың типтік және инновациялық элементтері 2. Виртуализация, автоматтандыру және оркестрация құралдарын дамытуның стратегиялық бағыттары 3. Бөлінген бұлттық ортада ақпаратты қорғау жүйелерін құрудың заманауи тәсілдері, фреймворктері мен стандарттары 4. Өнімділікті стратегиялық жоспарлау, жүктемені модельдеу және инфрақұрылымға деген сұранысты басқару әдістемелері
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Жауапкершілік Тәртіптілік	

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Аналитикалық ойлау Бастамашылық Ұйымдастыру Зейін Орындаушылық Жоғары оқу мүмкіндігі		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Бұлттық технологиялар сәулетшісі	
	5	Бұлттық технологиялар сәулетшісі	
13. Кәсіптің карточкасы "Бұлттық технологиялар әкімшісі":			
Топтың коды:	2529-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Бұлттық технологиялар әкімшісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	ІТ-инфрақұрылымдарды әкімшілендіру және жобалау саласында кемінде 5 жыл, оның ішінде ауқымды бұлттық немесе гибриді орталарды пайдалану, дамыту және бюджетіне жауап беретін басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл .		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Курстық дайындық, сертификаттау		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2529-0-001 - Бұлттық есептеулер жөніндегі маман		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кәсіпорынның бизнес-мақсаттарына сәйкес бүкіл бұлттық және гибриді инфрақұрылымды стратегиялық басқару, дамыту және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, соның ішінде техникалық саясатты қалыптастыру, бюджетті басқару, тиімді пайдалану үдерістерін құру, ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен салалық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұлт ресурстарын жоспарлау және басқару 2. Бұлттық инфрақұрылымға қызмет көрсету
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Бұлт ресурстарын жоспарлау және басқару	Дағды 1: Б ұ л т т ы қ инфрақұрылымның конфигурациясын баптау	Машықтар: 1. Кәсіпорын ауқымында бұлттық қызметтерді ұсыну моделін стратегиялық тұрғыда құру және оны эволюциялық дамыту 2. Бұлттың есептеу қуатын, сақтау қоймаларының сыйымдылығын және желілік ресурстарын ұзақ мерзімді перспективада бағалау және болжау 3. Өнімділік пен жүктеме өзгерген кезде инфрақұрылымның әртүрлі параметрлері арасындағы күрделі корреляциялар мен себеп-салдарлық байланыстарды талдау 4. Жоғары белгісіздік, ақпараттың артықтығы немесе жеткіліксіздігі жағдайында басқарушылық және архитектуралық шешімдер қабылдау 5. Гео-үлестіру және апаттан кейін қалпына келтіру мәселелерін қоса алғанда, бөлінген деректерді өңдеу орталықтарының және жаһандық желілік инфрақұрылымның жұмысын стратегиялық жоспарлау Білімдер: 1. Бизнес-циклдерді ескере отырып, бұлттың есептеу қуаттарын бағалаудың, модельдеудің және болжаудың озық әдістері 2. Бұлттық қызметтерді ұсынудың бизнес-модельдері мен операциялық модельдері, соның ішінде қаржылық аспектілер және баға белгілеу модельдері 3. IT-дегі техникалық нормалаудың, ресурстарды жоспарлау және сұранысты басқарудың негіздері 4. Деректерді өңдеу орталықтарын жобалау және олардың эксплуатациялық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық стандарттар 5. Шешім қабылдау теориясы, жүйелік талдау және белгісіздік жағдайында күрделі деректермен жұмыс істеу әдістері
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Бұлттық ресурстардың жай-күйі, пайдаланылуы және енгізілуі туралы жиынтық деректерді талдау және басшылық үшін есептер қалыптастыру 2. Инфрақұрылымның мүмкіндіктеріне және архитектуралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан жобалық құжаттаманың талаптарын сараптау және талдау 3. Тапсырмаларды бөліп, олардың орындалуын бақылай отырып, бұлттық ресурстарды

	Дағды 2: Бұлт ресурстарын әкімшілендіру	әкімшілендіру жөніндегі жұмыстар мен жобаларды басқару 4. Бұлттық ресурстардағы жоспарланған өзгерістердің бизнес-сервистерге ықпалы, күрделілігі және стратегиялық тәуекелдерін бағалау 5. Жүйелік ақауларды тіркеу, талдау және сенімділікті арттыру үшін түпкі себептерді жою жөніндегі жобаларды бастамашылықпен көтеру Білімдер: 1. IT және инфрақұрылым саласындағы жобалық құжаттаманы қалыптастыру стандарттары мен үздік тәжірибелер 2. Жоғары қолжетімді ортада тәуекелдерді басқару, күрделілікті бағалау және өзгерістерді басқару әдіснамалары 3. Әдеттегі жүйелік іркілістер, олардың жіктелуі, тергеп-тексеру әдістері (root cause analysis) және алдын алу шаралары 4. IT-жобаларды және IT-жобалар портфелін басқару әдіснамалары 5. Мониторинг, оқиғаларды басқару және талдау жүйелерін құру және басқару қағидаттары Дағдыны тану мүмкіндігі : :
	Дағды 1: Қызметтің қолданыстағы компоненттерін сүйемелдеу	Машықтар: 1. Бұлттық сервистердің жұмысын оңтайландыру арқылы тиімділікті арттыру және шығындарды азайту бойынша бағдарламаларды бастамашылықпен көтеру және оларға басшылық ету 2. Қызметтерді басқару деңгейінде өзгерістер үдерістерін және конфигурацияларды басқару 3. Бұлттық сервистер компоненттерін қауіпсіздік, өнімділік және архитектура стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан тұрақты аудиттен өткізу және бақылау 4. Бұлттық ресурстарды пайдалану трендтерін талдау арқылы сұранысты болжау және бюджетті жоспарлау 5. Бұлттық сервистердің тиімділігін, сенімділігін және қауіпсіздігін арттыруға бағытталған стратегиялық іс-шараларды жоспарлау 6. Әкімшілер мен пайдаланушыларды оқытуды, құзыреттерді қалыптастыруды ұйымдастыру және бақылау Білімдер: 1. Бұлттық технологиялар және IT-қызметтерді басқару саласындағы халықаралық және корпоративтік нормативтік-техникалық құжаттар, стандарттар мен регламенттер

Енбек функциясы 2: Б ұ л т т ы қ инфрақұрылымға қызмет көрсету		2. Инфрақұрылымды кешенді аудиттен өткізу, үдерістердің жетілу деңгейін және талаптарға сәйкестігін бағалау әдістері 3. IT-қызметтерді басқару, білімдерді басқару және құзыреттер орталықтарын құру қағидаттары мен практикалары 4. IT-ді қаржылық басқару және шығындарды оңтайландыру әдістері
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Бұлттық сервистерге қойылатын ағымдағы талаптарды болжау және бағалау	Машықтар: 1. Жаңа технологиялар мен бұлттық өнімдердің бәсекелік артықшылықтары мен ерекшеліктерін айқындау, оларды кәсіпорынның IT-ландшафтына интеграциялау мүмкіндіктерін бағалау 2. Стратегиялық жоспарлау үшін аппараттық және бағдарламалық құралдарды пайдалану мен олардың жұмыс істеуінің негізгі тиімділік көрсеткіштерін есептеу және интерпретациялау 3. Нарық пен технологияларды талдау негізінде белгісіздік пен деректердің толық болмауы жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдау Білімдер: 1. Заманауи бұлттық сервистер мен платформаларды ұйымдастыру, жобалау және басқару қағидаттары 2. Ғаламдық ауқымда бұлттық сервистердің жұмыс істеу, орналастыру және істен шықпауға төзімділігін қамтамасыз ету қағидаттары 3. Әлемдік және отандық бұлттық технологиялар жеткізушілерінің өнімдік желісі, даму стратегиялары және экожүйелері 4. Бұлттық технологиялардың, нормативтік реттеудің және нарықтың ағымдағы жағдайы, трендтері мен даму перспективалары 5. Стратегиялық жоспарлау, бизнес-архитектураны және IT құндылығын басқару саласындағы негізгі теориялар мен тұжырымдамалар 6. Инновациялар, инновациялық менеджмент және технологияларды басқару саласындағы негізгі теориялар мен тұжырымдамалар
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Аналитикалық ойлау Сыни талдау Ұйымдастыру Оқу мүмкіндігі	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Бұлттық технологиялар әкімшісі	
	5	Бұлттық технологиялар әкімшісі	
14. Кәсіптің карточкасы "Бұлттық есептеулер жөніндегі маман":			
Топтың коды:	2529-0		
Қызмет атауының коды:	2529-0-001		
Кәсіптің атауы:	Бұлттық есептеулер жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Бұлттық және интеграциялық шешімдерді әзірлеу, әкімшілендіру немесе енгізу салаларында кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Курстық даярлық, сертификаттау		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ұйымдардың ақпараттық қажеттіліктерін іске асыру үшін конфигурацияланатын және ауқымдалатын бұлттық сервистерді инфрақұрылымдық ортадағы ақпараттық жүйелердің жергілікті сегменттерімен интеграциялау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді құруды (модификациялауды) және сүйемелдеуді жүзеге асыру үдерістеріне техникалық қолдау көрсету 2. Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді құруды (модификациялауды) және сүйемелдеуді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Сынақ рәсімдерін орындау әдістері мен құралдарын қолдану	

Еңбек функциясы 1: Бұлттық сервистерге арналған интеграциялық шешімдерді құруды (модификациялауды) және сүйемелдеуді жүзеге асыру үдерістеріне техникалық колдау көрсету	Дағды 1: Интеграциялық шешімді сынақтан өткізу және оны сүйемелдеу	2. Интеграциялық шешімді тестілеу нәтижелерін құжаттау 3. Интеграциялық шешімді сынақтан өткізу бағдарламасы мен әдістемесіне сәйкес сынақ жүргізу әдістері мен құралдарын қолдану 4. Қабылданған өтінімдерді есепке алу және өңдеу жүйесімен жұмыс істеу 5. Интеграциялық шешімнің жұмыс күйін бақылаудың автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған әдістері мен құралдарын қолдану 6. Интеграциялық шешімнің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтірудің регламенттік рәсімдерін орындау 7. Бөгде жағдайлардың себептерін анықтау үшін логтар мен метрикаларды талдау 8. Интеграциялық ағындарға өзгерістер енгізу кезінде регрессиялық тестілеу жүргізу Білімдер: 1. Тестілеу әдістері және тестілеу нәтижелерін құжаттау әдістері 2. Таңдалған бұлттық сервистер интеграциялық платформасының жұмыс істеу қағидаттары мен технологиясы 3. Тестілеу нәтижелерін құжаттау тәртібін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар 4. Интеграциялық шешім мен оның компоненттері жұмыс істеу барысында туындайтын типтік қателер және олардың көрініс беру белгілері 5. Интеграциялық шешім жұмысында туындайтын типтік қателерді жою әдістері 6. Тесттік деректер жиындарын сақтау құрылымы мен форматтарына қойылатын талаптар 7. Автоматтандырылған жүйелерді сынақтан өткізуге арналған мемлекеттік стандарттар 8. IT-қызметтерде инциденттер мен проблемаларды басқару әдіснамалары
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Өзгерістерге арналған сұранымдарды басқару, ақаулар мен проблемаларды және олардың пайда болу себептерін анықтау әдістері мен құралдарын қолдану 2. Интеграциялық шешімнің жұмысқа қабілеттілігін тексеру әдістері мен құралдарын қолдану 3. Инженерлік құжаттаманы әзірлеу 4. Интеграциялық шешімнің жұмысқа қабілеттілігін бағалауды жүргізу 5. Орындаылған әрекеттерді, анықталған проблемаларды және оларды жою тәсілдерін құжаттау

